

**8D014 – «Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған педагогтарды даярлау» бағыты, 6D012000 – «Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері» тақырыбындағы Айдаров Бақытжан Жұмадуллаұлының диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>Докторант нормативтік құжаттарға, іргелі ғылыми еңбектерге талдау барысында болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері мәселесін жетілдіруді қажет ететіндігін көрсеткен. Аталған мәселенің өзектілігі келесі құжаттарда көрініс тапқан:</p> <p>ҚР президентінің жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдауларында білім беру үдерісіне белгілі кәсіп бойынша арнаулы білім, дағды, шеберлік, еңбек тәжірибесін қалыптастыруда кәсіби даярлықты талап етуі білім беру ісінде субьективті идеяларымыздың қолданысқа түсуіне толықтай мүмкіндік беріп отыр.</p> <p>Осы маңызды құжаттардың ішінде, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарында мамандарды даярлау және кәсіптік білім беруді дамытуда педагогикалық құралдар жүйесінің көмегімен субьектілер ұтқырлығының төмен деңгейінен жоғары деңгейге өту көрсеткіштерінің сандық өсуін маңызын атап көрсетеді, сонымен қатар, педагог қызметкерлердің үздіксіз кәсіби дамуын қамтамасыз ету, техникалық және кәсіби білім беру жүйесінде бәсекеге қабілеттілігін арттыру, әлемдік білім беру бағдарламаларына қатысу және т.б. үшін олардың кәсіби ұтқырлығын дамыту, біліктілік курстары, кәсіпорындарда тағылымдамадан өту, тағылымдамалар, шеберлік-кластар, тренингтер, курстық оқытуды ұйымдастыру, сондай-ақ оқу-әдістемелік әзірлемелер мен құралдарды дайындау ұсынылған.</p> <p>ҚР «Білім туралы» заңының 45-бабының 1 тармағы кәсіптік білім беру саласындағы әлеуметтік әріптестік білім беру жүйесінің қызметі нәтижелерінің</p>

		<p>барабарлығын арттыруға, кадрларды даярлау деңгейін экономика салаларының және жұмыс берушілердің қажеттіліктерін ескере отырып кадрлар даярлығының деңгейіне қол жеткізуге, оқытудың өндіріспен байланысын нығайтуға, қаржыландырудың қосымша көздерін тартуға бағытталған. Соған сәйкес, автор жұмысында жоғары кәсіби білім берудің өзгерген жүйесінде мемлекет пен қоғамды ұтқыр мамандарды даярлау арқылы нығайтуға болатынын көздеген.</p> <p>Жоғарыда айтылған білім берудің заңнамалық құжаттарына сәйкес беріліп отырған міндеттер мен бағыттар «Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері» атты зерттеу тақырыбының өзектілігі мен өміршеңдігін одан әрі тереңдете түседі. Осыған байланысты Б.Ж. Айдаровтың диссертациялық зерттеуі педагогикалық ғылымды дамытудың басым бағыттарына және білім беру саласындағы мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді.</p>	
		<p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) <u>Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</u></p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес Б-16-10-14-Болашақ педагогтарды 12 жылдық білім беру жүйесіне кәсіби даярлаудың ғылыми-педагогикалық негіздері бағыты аясында «Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері» тақырыбында орындалған. Зерттеу жұмысын жүзеге асыру жылдары 2017-2021жж.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін	Диссертацияның зерттеу жұмысы барысында алған ғылыми-практикалық

		<p><u>қосады/қоспайды</u>, ал оның маңыздылығы <u>ашылған/ашылмаған</u>.</p>	<p>жетістіктері педагогика ғылымының, соның ішінде жоғары кәсіптік білім берудің педагогикасы мен әдістемесінің дамуына елеулі үлес қосып, білім беру жүйесіндегі маңыздылығын нақтылай түскен.</p> <p>Біріншіден, кәсіптік оқыту мамандығы бойынша болашақ педагогтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың теориялық және әдіснамалық негіздері: жүйелік, ресурстық және тұлғалық-әрекеттік ұстанымдар тұрғысынан қарастыру мәселелері ғылымға елеулі үлесін қосады және оның маңыздылығы ашылған;</p> <p>Екіншіден, болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін (мақсатты, мазмұндық, ұйымдастыру-әрекеттік және критериалды бағалау блогтары) дайындау арқылы ғылымға елеулі үлесін қосады және оның маңыздылығы ашылған;</p> <p>Үшіншіден, болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың педагогикалық шарттарын айқындау бойынша елеулі үлесін қосады және маңыздылығы ашылған;</p> <p>Төртіншіден, жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде ЖОО білім алушыларына арналған «Кәсіби ұтқырлықты болашақ кәсіптік оқыту педагогының бойында қалыптастырудың алғышарттары мен жолдары» атты электронды оқу құралы, «Педагогтың кәсіби ұтқырлығы» арнайы курсы оқытуға арналған әдістемелік нұсқауының әзірленуі ғылымға елеулі үлес қосады, оның практикалық маңыздылығы ашылған.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) жоғары;</li> <li>2) орташа;</li> <li>3) төмен;</li> <li>4) өзі жазбаған</li> </ol>	<p>Докторант Б.Ж. Айдаров диссертациялық жұмысты жазуда өзі жазу принципін ұстанған. Автор диссертацияны жазу барысында ғылыми мәлімет беруді көздеген. Барлық талданған ақпараттар дербес, әрі түсінікті, мағыналы құрылымды сақтай келе өзара үйлесіп, автордың диссертацияны жазудағы жеке ғылыми стилінің жоғары деңгейде екендігін көрсетеді.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) негізделген;</li> <li>2) жартылай</li> </ol>	<p>Диссертацияның өзектілігінің негіздемесі кәсіптік білім беру жүйесінде, еліміздегі бірқатар педагогикалық зерттеулерде жоғары оқу орындарындағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін, шығармашылық</p>

		<p>негізделген; 3) негізделмеген.</p>	<p>әлеуетін, көшбасшылығын, кәсіби құзыреттілігін қарастырғанымен болашақ педагогтардың кәсіби ұтқырлықтарын қалыптастырудағы рөлі мен маңыздылығы жөнінде арнайы жұмыстардың қарастырылмағаны анықталды.</p> <p>Болашақ мамандардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру мәселесінің өзектілігі мен терең теориялық түсінігіне, ғалымдардың осы үдеріске әр түрлі көзқарастарын талдауға карамастан, оның зерттеулері бұл проблеманың әлі жеткілікті терең қарастырылмағанын және жоғары кәсіби педагогикалық білімді беру барысында одан әрі дамытуды қажет ететіндігін көрсетті. Сондай-ақ, осы уақытқа дейін ЖОО-да оқыту үдерісінде болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру мәселесіне тікелей арналған еңбектер өте аз екенін анықтаған. Тиісті ғылыми негізделген әзірлемелердің болмауына қатысты қайшылықтарды шешу үшін ғылыми зерттеу мәселелерін шешу қажеттілігі негізделген.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды;</u> 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды</p>	<p>Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын толық көлемде айқындайды. Диссертация мазмұны кіріспеден, екі бөлімнен, әр бөлім 4 параграфтан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Мұндағы диссертация мазмұны зерттеудің ғылыми болжамы мен жетекші идеясы бойынша диссертация тақырыбын айқындайды.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді;</u> 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Зерттеу мақсаты – жоғары оқу орындарында болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыруды ғылыми-теориялық тұрғыда негіздеу және оны қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасап, тәжірибелік - эксперименттік жұмыста сынақтан өткізу сәйкес келеді.</p> <p>Зерттеу міндеттері жұмыстың мақсатын нақтылай келе, болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың мәні мен маңыздылығын теориялық тұрғыда негіздеумен, болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың құрылымдық-</p>

			<p>мазмұндық моделін дайындаумен, болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың педагогикалық шарттарын айқындаумен, ЖОО кәсіптік оқыту студенттерінің кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүзінде сынақтан өткізіп, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берумен сәйкес келеді.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:  <u>1) толық байланысқан;</u>  2) жартылай байланысқан;  3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылысы яғни жалпы құрылымы және қол жеткізген ғылыми нәтижелерінің ішкі бірлігі логикалық тұрғыдан толық байланысқан. Бұл ретте диссертациялық жұмыстың ғылыми-тәжірибелік нәтижелері тұжырымдық тұтастығымен, зерттеудің негізгі қорытындыларының қисынды бірлігімен сипатталады. Зерттеу нәтижелері ғылыми болжамның дұрыстығын дәлелдеп, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін шешуге арналған.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:  <u>1) сыни талдау бар;</u>  2) талдау жартылай жүргізілген;  3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Зерттеу барысында «Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығы» және «Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру» ұғымдары ғылыми тұрғыда негізделген және нақтыланған.</p> <p>Диссертацияның ғылыми нәтижелері мен қорытындылары зерттеліп отырған мәселенің ғылыми-теориялық негізін құрайтын әр тарау бойынша талданған теориялық тұжырымдар бойынша анықталып, ал оның кешендік сипаты оқу-тәрбие үдерісіндегі ғылыми стилді зерттеу мәселесін жаңаша үлгіге сүйеніп жасаған.</p> <p>Зерттеу нәтижелері ауқымды материалдарды талдап, қорыту арқылы дәйектелген. Әрбір нәтиже, тұжырым мен қорытынды диссертацияның тараулар мен тараушалаға жіктелген мазмұндық құрылымынан түйінделген, ғылыми мәні жоғары, шынайылығы айқындалып, тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тексеруде сыни талдау бар және бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып баға берілген.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?  <u>1) толығымен жаңа;</u></p>	<p>Докторант Б.Ж.Айдаровтың диссертациялық жұмысындағы зерттеудің ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа болып саналады.</p>

		<p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Бірінші ғылыми нәтижеге жету үшін ізденуші зерттеу мәселесіне қатысты философиялық, психологиялық және педагогикалық еңбектердегі ғылыми дерек көздерін тауып, оларды зерделей білген. Ғылыми әдебиеттердегі зерттеу тақырыбына сәйкес жинақталған материалдарды саралап, болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың мәні мен теориялық негіздері ашылғандықтан <b>толығымен жаңа</b> болып табылады.</p> <p>Екіншіден, ғылыми нәтижеге жетуде болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделінің (мақсатты, мазмұндық, ұйымдастыру-әрекеттік және критериалды бағалау блогтары) жасалуы - екінші нәтиженің <b>толығымен жаңа</b> екендігін көрсетеді.</p> <p>Үшінші ғылыми нәтижеге жетудегі ғылыми еңбектерді зерделеуде болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың педагогикалық шарттары мен болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығының қалыптасу критерийлері, көрсеткіштері мен деңгейлерін айқындап мазмұндық сипаттама берілуі нәтиженің <b>толығымен жаңа</b> болып табылатынына дәлел.</p> <p>Төртінші ғылыми нәтиже ретінде ЖОО кәсіптік оқыту студенттерінің кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру бағдарламасын практикаға енгізілуін <b>толығымен жаңа</b> деп санаймыз.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?  <u>1) толығымен жаңа;</u>  2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Б.Ж.Айдаровтың диссертациялық жұмысының қорытындылары ғылыми-теориялық негізде дәлелденуімен, зерттеудің ғылыми аппаратына мазмұнының сәйкестігімен, зерттеуде қолданылған әдіс-тәсілдердің тиімділігімен, эксперимент жұмысының жүйелі жоспарлануымен, сандық және сапалық көрсеткіштердің дәлелділігімен толығымен жаңа болып саналады. Диссертацияның қорытындылары деп келесілерді айтамыз.</p> <p>Бірінші қорытынды бойынша кәсіптік оқыту мамандығы бойынша болашақ педагогтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың теориялық және әдіснамалық негіздері жүйелік, ресурстық</p>

және тұлғалық-әрекеттік ұстанымдар тұрғысынан қарастырылған.

Жүйелі ұстанымдарды таңдаудың маңыздылығы зерттелетін объектінің тұтастығын ашуға және осы тұтастықты қамтамасыз ететін механизмдерді іздеуге, сондай-ақ, байланыстарды анықтау және оның элементтерін бір жүйеге келтіруге мүмкіндік берген.

Ресурстық ұстанымды таңдау негізінде адамның нақты мүмкіндіктерін, яғни жеке тұлғаға тиесілі барлық психологиялық тұрғыдан және қажет болған жағдайда қолдануға болатын мәселелер қарастырылған. Олар: қабілеттер, ақыл, тәжірибе, қатынасқа түсе білу және өзін-өзі қадағалау қабілеті, жетістікке жетуге ынталану, жеке мақсаттар, өзіне деген көзқарасты, құндылықтарды түсіндірген.

Тұлғалық-бағдарлы білім беру ұстанымын таңдау негізінде докторант болашақ педагогтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудағы тұлғалық-әрекеттік ұстанымның мәнін ашқан.

Бұл ұстанымның жетекші идеясы - іс-әрекет арқылы тұлғаны дамыту, онда студент белсенді іс-әрекеттің субъектісі және өз бетінше ойлана алатын, дұрыс шешім қабылдай алатын, іс-әрекетті жеткілікті түрде орындай алатын және олар үшін жауап беретін болашақ маманға айналдыру.

Кәсіптік оқыту мамандығы бойынша болашақ педагогтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру мәселесін жүйелік ұстаным, ресурстық ұстаным және тұлғалық-әрекеттік ұстанымдар тұрғысынан қарастырып, анықтауы толығымен жаңа болып табылады.

Зерттеудің екінші қорытындысы ретінде болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі ұсынылған.

Модельде кәсіби ұтқыр мамандарды даярлауға деген мемлекеттік және әлеуметтік тапсырыстар қамтылған.

Модельдің мақсатты блогы - студенттің интеллектуалды, эмоционалды және тұлғалық дамуының ішкі процестеріне бағытталған басым мақсаттар қоюды көрсетеді. Блокты құрудың негізгі мақсаты - болжамды зерттеулердің нәтижелері негізінде жаңа формацияның кәсіби ұтқыр тұлғасын қалыптастыру болып табылады.

Модельдің мазмұндық блогы - жүйелік, ресурстық және тұлғалық-әрекеттік ұстанымдарының ережелеріне негізделген болашақ кәсіптік оқыту педагогтарын кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру процесінің теориялық және әдіснамалық негіздерін анықтайды.

Мазмұндық блокта кәсіби ұтқырлықты сипаттайтын құраушы компоненттердің (мотивациялық қажеттілік, когнитивті, процесуалдық, рефлексивті бағалау) көрсеткіштері берілген.

Модельдің ұйымдастыру-әрекеттік блогы – болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының әр түрлі қызмет түрлерін: оқу-танымдық, тәрбиелік және кәсіптік, практика кезіндегі іс-әрекеттің барлық түрлері, ғылыми зерттеушілік үдерісінде іс-әрекетке қатысуна қарай бейімделу нәтижесін бақылайтындығы көрсетілген.

Модельдің - критериалды бағалау блогы - болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру үдерісінің динамикасын байқауға мүмкіндік береді. Динамика жоғарыда аталған функционалды компоненттермен анықталған критерийлер бойынша бақыланады. Бұл компоненттер: мотивациялық-қажеттілік, когнитивті, процесуалды және рефлексивті-бағалау деңгейлеріне (төмен, орта, жоғары) сәйкес жүзеге асырылатын тұтас құрылым ретінде берілуі толығымен жаңа болып саналады.

Үшінші қорытынды бойынша докторант білімнің бірізділік және логикасын сақтай отырып ЖОО-ның білім беру процесінде болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың педагогикалық шарттарын анықтаған.

*Бірінші шарт* – ЖОО-ның барлық құрылымдық бөлімшелерінің білім беру үдерісіне қатысушылардың өзара әрекеттесуінің барлық кезеңдерінде болашақ педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру бойынша мақсатты бірлескен іс-шаралар қажеттілігі туралы хабардар болуы.

*Екінші шарт* - нақты педагогикалық үдерісте болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін тексеру және практикалық апробациялау.



		<p><i>Үшінші шарт</i> – ұсынылған модельдің тиімділігі мен тиімділігін тексеру үшін критерийлерді бағалау базасын құру.</p> <p><i>Төртінші шарт</i> - болашақ педагогтың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру үдерісінің кез-келген кезеңінде рефлексияны ұйымдастыру.</p> <p><i>Бесінші шарт</i> - болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру үдерісін кадрлармен қамтамасыз етудің тиімді жүйесін қалыптастыру.</p> <p><i>Алтыншы шарт</i> – педагогикалық ЖОО-ның білім беру бағдарламасына «Педагогтың кәсіби ұтқырлығы» арнайы курсы ендіру және оны іс жүзінде жүзеге асыруы толығымен жаңа болып есептеледі.</p> <p>Төртінші қорытындысы бойынша автордың диссертациялық жұмысындағы зерттеудің эксперименттік бөлімінің мақсаты - болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру моделінің тиімділігін тексеру болған.</p> <p>Эксперименттік жұмыс 2017-2020 жылдар аралығында М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті базасында педагогикалық үдеріс шеңберінде жүргізілген.</p> <p>Теориялық және эксперименттік жұмыс барысында алынған негізгі ережелер мен тұжырымдар алға қойылған мақсатқа қол жеткізіп, қойылған міндеттері мен қорытындылары толығымен жаңа болып саналады.</p>	<p><i>Үшінші шарт</i> – ұсынылған модельдің тиімділігі мен тиімділігін тексеру үшін критерийлерді бағалау базасын құру.</p> <p><i>Төртінші шарт</i> - болашақ педагогтың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру үдерісінің кез-келген кезеңінде рефлексияны ұйымдастыру.</p> <p><i>Бесінші шарт</i> - болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру үдерісін кадрлармен қамтамасыз етудің тиімді жүйесін қалыптастыру.</p> <p><i>Алтыншы шарт</i> – педагогикалық ЖОО-ның білім беру бағдарламасына «Педагогтың кәсіби ұтқырлығы» арнайы курсы ендіру және оны іс жүзінде жүзеге асыруы толығымен жаңа болып есептеледі.</p> <p>Төртінші қорытындысы бойынша автордың диссертациялық жұмысындағы зерттеудің эксперименттік бөлімінің мақсаты - болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру моделінің тиімділігін тексеру болған.</p> <p>Эксперименттік жұмыс 2017-2020 жылдар аралығында М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті базасында педагогикалық үдеріс шеңберінде жүргізілген.</p> <p>Теориялық және эксперименттік жұмыс барысында алынған негізгі ережелер мен тұжырымдар алға қойылған мақсатқа қол жеткізіп, қойылған міндеттері мен қорытындылары толығымен жаңа болып саналады.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Докторанттың ұсынған болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері жаңа және негізделген болып табылады. Диссертациялық жұмысты орындау барысындағы алынған тұжырымдар, дайындалған әдістемені ендіру актісі және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерінің дұрыс ұйымдастырылуы мен жүргізілуі ғылыми жарияланымдармен негізделген.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды	Зерттеу жүргізу нәтижесінде жасалған қорытындылар жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде білім алушылардың кәсіби

	негізділігі	дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	біліктілігін жетілдіруде дербес пәндерді оқыту әдістемелері үшін теориялық және практикалық жағынан құнды материал болып табылады. Зерттеу жұмысында келтірілген теориялық тұжырымдар, қағидалар, қорытындылар, ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды техникалық және кәсіптік білім беру мекемелері мен ЖОО-да болашақ маман даярлауда және біліктілікті арттыру курстарында, кәсіби білікті жұмысшы мамандарды даярлау жүйесінде пайдалануға болады.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Докторант Б.Ж.Айдаровтың диссертациялық жұмысы бойынша қорғауға шығарылған төрт қағидатты айтуға болады:</p> <p>1). Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың әдіснамалық-теориялық негіздері дәлелденген, тривиалды емес, жаңа және алдағы уақытта қолданылу ауқымы кең.</p> <p>Түрлі ақпарат көздеріндегі «Ұтқырлық», «Кәсіби ұтқырлық» категориялық ұғымының мағыналық жиынтығын саралай отырып, автор кәсіби ұтқырлық құрылымын жасап сипатын анықтаған. Ұсынған анықтамалары үш мақаласында дәлелденген:</p> <p>а) Кәсіби педагогикалық ұтқырлықтың қалыптасуының теориялық негіздері. «Әуезов оқулары-19: Тәуелсіз Қазақстанға – 30 жыл» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектері. Том 3, ОҚУ. Шымкент, 2021. –Б.87-91;</p> <p>ә) Научно - теоретическая значимость системного подхода в формировании профессиональной мобильности будущих педагогов профессионального обучения. Научное обозрение. Фундаментальные и прикладные исследования (научный журнал)-2020.-№2;</p> <p>б) Понятийный статус профессиональной мобильности педагога. ISCIENCE.IN.UA «Актуальные научные исследования в современном мире», Выпуск 4 (72) 2021г. ISSN 2524-0986 ПИНЦ. –С.94-99</p> <p>2). ЖОО-ның білім беру процесінде болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың педагогикалық шарттары кәсіптік білім жүйесінде білім алушылардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыруды қамтамасыз ететіндігі дәлелденген, тривиалды емес, жаңа</p>

және алдағы уақытта қолданылу ауқымы кең. Бұл екі мақаласында дәлелденген:

а)(Development Factors of the Lecturers' Professional Mobility in System of Higher Education in Kazakhstan. Copyright © 2020 by Academic Publishing House Researcher s.r.o. All rights reserved. Published in the Slovak Republic European Journal of Contemporary Education E-ISSN 2305-6746 2020, 9(3): - P.490-504 DOI: 10.13187/ejced.2020.3.490www.ejournal1.com(s copus)

ә)Болашақ мұғалімдердің кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың маңызы. Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университетінің ХАБАРШЫСЫ ғылыми журналы, №4, (144) 2019. - Б.151-160

3). Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі білім алушылардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру компоненттері: мақсатты, мазмұндық, ұйымдастыру-әрекеттік және критериалды бағалау блогтарын қамтиды. Дәлелденген, тривиалды емес, жаңа және алдағы уақытта қолданылу ауқымы кең. Бұл екі мақала мазмұнындағы жарияланыммен дәлелденеді:

а)Педагогтың кәсіби ұтқырлығының құрылымы. Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университетінің ХАБАРШЫСЫ ғылыми журналы, №3, (117), 2020. –Б.235-246;

ә)Болашақ педагогтың кәсіби ұтқырлығының қалыптасу үдерісінің моделі. Материалы международной научно-практической интернет-конференции «тенденции и перспективы развития науки и образования в условиях глобализации» 31 марта 2020 года вып. 57 сборник научных трудов Переяслав – 2020. –С.129-132

4). ЖОО кәсіптік оқыту студенттерінің кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру әдістемесінің тиімділігінің негізделуі бойынша ЖОО білім алушыларына арналған «Педагогтың кәсіби ұтқырлығы» оқу-әдістемелік нұсқауы, «Кәсіби ұтқырлықты болашақ кәсіптік оқыту педагогының бойында қалыптастырудың алғышарттары мен жолдары» атты электронды оқу құралын дайындаған. Қағидат дәлелденген,

			<p>жаңа, алдағы уақытта қолданылу ауқымы кең және үш мақалада дәлелденген:</p> <p>а) Профессионально - педагогическая мобильность как педагогическая категория. «Prospects for the Development of Modern Science» Materials of the V International Scientific-Practical Conference March 11-13, 2020 (Seoul, Korea) Volume II Seoul, 2020.-P.162-169;</p> <p>ә) Реализация академической мобильности в Казахстане: основные достижения. «Innovative Processes Management in the Context of Education and Science Modernization» Materials of the III International Scientific-Practical Conference April 7-9, 2021 Hamburg (Germany) Volume II Hamburg, 2021.-P.126;</p> <p>б) Interactive tools for the development of professional mobility of the future teacher. ICITE – 2021. M. Auezov South Kazakhstan University Shymkent, Kazakhstan. Proceeding VIII International Conference «Industrial Technologies and Engineering», November 10-11, Volume IV.-P.71-73</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жок</u></p>	<p>Докторант Б.Ж.Айдаровтың диссертациялық жұмысындағы әдіснамалық аппарат дәйектілік принципіне және дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігіне негізделген. Докторант диссертациялық жұмыстың әдістемелік және әдіснамалық негіздерін түзуде теориямен практиканың бірлігі, мазмұндық және әрекеттік, тұтастық және ғылымилық, қолжетімділік және демонстрациялау ұстанымдарды басшылыққа алған.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жок</u></p>	<p>Диссертациялық жұмысты орындау барысында зерттеу нысаны ретінде жоғары оқу орнының оқу-тәрбие үдерісі алынған. Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыруда оқытудың заманауи және белсенді әдістері мен репродуктивті оқыту әдісі, зерттеу мәселесі бойынша ғылыми философиялық, психологиялық және педагогикалық әдебиеттерді теориялық талдау әдістері, синтездеу, абстракциялау және қорыту әдістері пайдаланылған.</p> <p>Диссертациялық жұмыста статистикалық деректерді талдаудың компьютерлік технологияларды қолдану деректерді өңдеу және интерпретациялау байқалмайды, бірақ</p>

			жұмыстың маңыздылығы мен мәнін төмендетпейді, өйткені мақсаты мен міндеттері толық орындалған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	<p>Б.Ж.Айдаровтың «Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері» тақырыбындағы диссертациясының эксперименттік-тәжірибелік жұмыстарына М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінен сынаққа жалпы саны – 143 студент қатысқандығы педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді.</p> <p>Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары, теориялық және практикалық ғылыми нәтижелердің мазмұны халықаралық конференцияларда және басқада ғылыми басылымдарда жарияланған. SCOPUS мәліметтері базасына енгізілген журналдарда - 2; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда - 3; Республикалық және халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларының материалдарында - 10 мақала жарық көрген.</p>
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған	ҚР нормативтік - құқықтық құжаттарына, кәсіби-педагогикалық дайындық мәселелері бойынша шетелдік және отандық авторлардың педагогикалық әдебиеттеріне, сөздіктерге, анықтамаларға, энциклопедияларға, оқулықтарға, оқу-әдістемелік құралдарға, ҚР БжҒМ Білім және Ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда және халықаралық конференциялар жинақтары материалдарының сілтемелерімен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз	Диссертациялық зерттеу тақырыбы отандық және шетелдік авторлардың 232 әдебиет көздеріне шолу жасалған. Алынған ақпарат зерттеулерді жоспарлау және алынған деректерді талқылау кезінде пайдаланылғаны айқын.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Зерттеудің теориялық маңыздылығы бар. Атап айтсақ: 1) болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың

			<p>әдіснамалық-теориялық негіздері айқындалған;</p> <p>2) болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалған (мақсатты, мазмұндық, ұйымдастыру-әрекеттік және критериалды бағалау блогтарын қамтиды);</p> <p>3) болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың педагогикалық шарттары анықталған;</p> <p>4) ЖОО кәсіптік оқыту студенттерінің кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру әдістемесінің тиімділігі эксперименттік тәжірибемен дәлелденген.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Зерттеудің практикалық маңыздылығы: жоғары оқу орны білім алушыларына арналған «Педагогтың кәсіби ұтқырлығы» арнайы курсының бағдарламасы жасақталған және оның әдістемелік нұсқауы дайындалып модульдік білім беру бағдарламасының оқу жұмыс жоспарына енгізілді. Алынған практикалық нәтижелерді ЖОО-ның педагогикалық үдерісінде, біліктілікті арттыру жүйесі тәжірибесінде қолдануға болады.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Тәжірибе ұсыныстары жаңа болып табылады:</p> <p>1) ЖОО-да оқу жоспарына элективті пән ретінде құрастырған таңдау курсы, сонымен қатар, зерттеу барысында жинақталған материалдарды пән мазмұнына енгізу ұсынысы толығымен жаңа;</p> <p>2) ЖОО-ның мақсатты ұйымдастырылған оқу процесінде болашақ кәсіптік оқыту педагогының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру мәселелерін шешудің (мазмұндық сипаттамаларында) қажетті және жеткілікті шарттарының кешенін өзге ЖОО-ның тәжірибесінде қолдануы ұсынысы толығымен жаңа;</p> <p>3) Зерттеу нәтижелері жоғары оқу орындарында білім алушыларды кәсіби дайындау мәселелері бағытындағы жаңа зерттеулер жүргізу ұсыныстары толығымен жаңа болып табылады.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) <u>жоғары</u>;</p> <p>2) орташа;</p>	<p>Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертация академиялық жазу ерекшеліктеріне сай дербес аяқталған жұмыс және ғылыми стильді ұстанған, жүйелі</p>

		3) орташадан төмен; 4) төмен.	құрылымды сақтаған, сілтемелерді жиі қолдана білген. Диссертацияны жазу барысында академиялық жазу ерекшеліктерімен қоса, жауапкершілік ұстанымын басшылыққа алған. Диссертация мазмұнындағы негізгі ұғымдық категориялар жүйесі жеткілікті жазылған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес келеді.
--	--	----------------------------------	---

**Шешім:** 8D014 – «Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған педагогтарды даярлау» бағыты, 6D012000 – «Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша Айдаров Бақытжан Жұмадуллаұлына философия докторы (PhD) дәрежесі берілсін.

Ресми рецензент Қ.А.Ясауи атындағы ХКТУ-нің  
Кентау институтының директоры, п.ғ.д., профессор



*Беркимбаев*

Беркимбаев К.М.